

2009 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 35 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 4 ақпанда N 14-13-47 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы N 7-1233 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2011.05.20 N 7-1233 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 – тармағы 13–тармақшасына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5–тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоғамдық жұмыстарды 2009 жылға ұйымдастырушы ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі бекітілсін (N 1 қосымша қоса т і р к е л е д і .)

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Қ. Мұздыбаев) бекітілген тізбеге сәйкес 2009 жылға арналған аудан бюджетінде қоғамдық жұмыстарға қарастырылған қаражат шегінде, жұмыссыздарды келісіміне сәйкес қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын.

3. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы бір айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде белгіленсін.

4. Аудандық қаржы бөлімі (Қ. Таменов) қоғамдық жұмыстағы жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге қаражаттың уақтылы бөлінуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Т л е у б е р д и е в к е жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

А у д а н ә к і м і н і н
Ж. Рысбеков

Қоғамдық жұмыстарды 2009 жылға ұйымдастырушы ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі

N	Ұйымдардың тізбесі	Жұмыстардың түрлері	Саны, адам
1	2	3	4
1	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары	Аймақтық қоғамдық жұмыстарды өткiзуге (қоғамдық пікірдің сауалнамасын жүргiзу, халық санағына) көмектесу	54
2	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары, "Көпсалалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны" МКК	Жолдар құрылысы және оларды жөндеуге көмек беру	15
3	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары, "Көпсалалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны" МКК	Көгалдандыру, ағаштар отырғызу, көркейту жұмыстарына қатысу	96
4	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары, "Көпсалалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны" МКК	Әлеуметтік, мәдени маңызы бар объектілерді салуға және жөндеуге көмектесу (мектеп, аурухана салу құрылыстарына жәрдем беру)	36
5	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары, "Көпсалалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны" МКК	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына көмек көрсету	33
6	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары, "Көпсалалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны" МКК	Аймақты экологиялық сауықтыру, көріктендіру (қар тазалау, қоқыстан тазарту, сыпыру)	86
7	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары	Әлеуметтік маңызы бар және басқа да жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесу (жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайын анықтауға)	56
8	Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі	Берілген өтiнiмдерiне сай қорғаныс iстерi жөнiндегi бөлiм жұмысына көмек беру	10
9	Аудандық iшкi iстер бөлiмi	"Тәртіп", "Сақшы" пилоттық жобасы бойынша жұмыс жүргiзу	20
10	Аудандық статистика бөлімі	Халық санағын жүргiзу жұмыстарына қатысу	14
	БАРЛЫҒЫ:		420

ЕСКЕРТУ: Жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарда орташа жұмыс iстеу мерзiмi 2 ай және 6 ай. Жұмыссызға төленетiн ақы ең төменгi жалақы мөлшерiнде белгiленедi. Iс жүзiнде сұраныс пен ұсынысқа орай қоғамдық

жұмыстардың кейбіріне қатысушылардың саны, қатысудың ұзақтығы, қоғамдық жұмыстардың түрлері және ұйымдардың тізбесі 2009 жылға арналған аудандық бюджетте қоғамдық жұмыстарды өткізуге қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ